

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 18 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ №54 (23 230)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• ӨЗЕКТІ

Туризм: инвестор неге құлықсыз?

«Туризм саласына тың серпін беру үшін алдымен инфрақұрылым мәселесін кешенді түрде шешіп, қызмет сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Жалпы, туризмнің болашағы зор екеніне кәсіпкерлердің көзі жетуді тиіс», – деген еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. Бұл орайда Президент пәрмен де берді.

Алайда, Түркия секілді туристпен таң атырып, туристпен күн батырған ел болу – әзірге арман. Ұшақтан түскен қонағының табанын жерге тигізбей, мандайын желге сүйгізбей, иіліп-бүгіліп қызмет көрсетуге жете қойған жоқпыз. Алдағы жылдарда жетерімізге де күмән-күдік көп. Жайлылығымен туристің жағасына шаң қондырмайтын түрік бауырлар туризм туралы сынақ алса, қирай жығыларымыз тағы шын. Ойткені, өзімізде туризм деп жал күдірейткеніміз ондағы қызметтің қасында тезек теріп, шаң қауып қалады. Содан да ішкі туризм іркіліп тұр. Қызмет көрсету – кемшін. Баға – удай. Мұндай кеп ұртымсызды өзімізше толтырып айтатын әр мекеннің «пешенесіне» бұйырған. Бұдан көсіліп жатқан көкше көл Балқаш та ада емес.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Статистика не дейді?

«Алматы-Екатеринбург» тас жолында жаз шыға тыным жоқ. Төбесіне қайық қаңтарған көлік көбейеді онда. Бағыттары, барар жері көбінде біреу-ақ – Балқаш. Балқаштың аңғаны кептірген газды ауасы емес. Көз қызартары – табан күйдірген құмы, дертке дауа тұзды суы. Бұған қарап, былайғы жұрт Балқаш туризмнен шайқап төгіп, үріп ішіп отыр деп ойлайды. Ішкені алдында, ішпегені артында деп. Өсте олай емес.

Осыдан үш жыл бұрынғы туристік кластерді дамытуды көздеген кеңесте келісілген тізім бар. Онда елдегі 50, содан соң туристер үшін 10 тартымды орынға таңба басылған. Сол таңба бойынша олар жыл өткен сайын өркенін өсіруі тиіс-тұғын. Одан беріде аттай үш жыл өтті. Пандемияның залалын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ, туризм деген тыңға одан кейін салынған сокадан соң да өнім өнбеген секілді.

Сол уақытта ресми деректер Балқаштың жылына 400 мың турист тартуға әлеуеті жетіп артылатыны туралы жалпақ жұртқа жар салған. Оған қоса, ол кезде жылына 130 мың турист келеді деген ақпар да жарқ еткен. Ал, бүгінгі ақпар оның жарым-жартысындай ғана. Болжам болмады. Жоғары жақ есептен жаңылды ма, білмейміз, әйтеуір баяғы әуірім сол әуірім секілді.

Айталық, былтыр Балқаш қаласына барған туристің ресми саны 67 295 қана. Бұл, тіпті, бұрнағы жылымен салыстырғанда 33,3 пайызға өскендегісі. Шетелден шекара асып, арнайы келгендер мүлде аз. Небары – 1056. Оның өзі 25 есе өскені. ТОП-10-ның ортасынан орынды ойып алған көкше көл-



дегі туризмнің көсегесін көгертпей жүрген не? Бұл арада жабайы туристер есепте емес.

Сервис төмен, инвестор құлықсыз

Мұндағы басты кілтпен қызмет көрсетуден басталатын біраз тетікте. Яғни, ол – сервистің төмен деңгейі, білікті кадрдың тапшылығы, туристік қызметтер нарығын-

дағы жоғары бағалар. Ошақтың үш бұтындай осы үштік туризм қазанын қайната алмай келеді.

– Бұлар – Балқаш қаласында туризмді дамытудағы негізгі проблемалар. Оған қоса, Балқаш қаласында күрт континенттік климат, жыл сайын ауа температурасының төмендігі басым. Осыған байланысты туризм саласындағы қызметтердің кейбір

түрі үшін маусым өте қысқа. Бұл туристік қызметтер нарығындағы жоғары бағаларға, кадрлардың ауысуына әсер етеді.

Мәселені шешу үшін жыл сайын әр маусымның басында туризм және қонақ үй бизнесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру үшін түрлі тренингтер өткізу қажет.

Біз Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдар-



Кел, жүгірейік!

28 мамырда Қарағандыда QARAGANDY HALF MARATHON жартылай марафоны өтеді. Басталу және аяқталу орны – «Қарағанды-Арена» мұз сарайының алаңы. Басталу уақыты – 08.00. Осы ауқымды әрі дәстүрлі іс-шараның ұйымдастырушысы – Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы.

Қашықтықтары: 21 км 97,5 м (18 жастан жоғары); 10 км (18 жастан жоғары); 5 км (15 жастан жоғары); 2 км (9 жастан 14 жасқа дейін) және «Экиден» жарысының жаңа түрі 21 км 97,5 м (командалық эстафета, 16 жастан асқан және одан жоғары алты қатысушы).

Тандалған қашықтықты жүгіргісі келетіндердің барлығы <https://qaragandy-halfmarathon.kz> ресми сайтына тіркеліп, бастапқы жарнаны (2 км қашықтықтан басқа) енгізулері қажет. Жарысқа мүмкіндігі шектеулі жандар да қатыса алады.

Тіркеу 21 мамырда немесе жартылай марафонға 3200 қатысушыға, соның ішінде 25 «Экиден» командасына жеткен кезде аяқталады. Бастапқы нәтижені жариялау 23-26 мамырда сағат 11:00-ден 20:00-ге дейін Қарағанды қ., Комиссаров көшесі, 45а, Қазбек Нұржанов атындағы жеңіл атлетика манежі мекенжайында өтеді.

Әр қашықтыққа қатысушылар естелік медальдармен және сертификаттармен, жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, бағалы және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Толығырақ ақпаратты <https://qaragandy-halfmarathon.kz> сайтынан жүктеп алуға болады.

Егер «Экиден» командалық эстафетасы бойынша қосымша сұрақтар туындаса, +7 700 022 6281 WhatsApp номеріне хабарлауыңызға болады.

Өз тілшімізден

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Қала	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг
	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша Аудан / ауыл	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3111,00 тг

📍 Қарағанды қ., Ермеков к., 33 8 қабат, 88 каб.

📞 Анықтама телефондары: Руслан – 8-775-482-22-02 Ботагөз – 8-778-846-00-01 Нұрсұлу – 8-705-902-04-05 Тел.: 43-57-89 E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Ауыл медицинасының әлеуеті артады

Аймақта алдағы екі жылда «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 92 медициналық мекеме салынады. Олардың құжаттары дайын, бой көтеретін орны да белгілі. Соның бірі Бұқар жырау ауданының Новоузенка ауылында ашылмақ. Денсаулық сақтау басқармасында айтылғандай, құрылыс жұмыстары биыл басталады. Қазір ондағы ФАП – фельдшерлік-акушерлік пункт жалдамалы үйде орналасқан. Дәрігер Жанна Бекмағамбетова мен үш медбике аядай бөлмеде елді мекендегі мыңнан астам адамды қабылдап отыр.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Учаскелік дәрігер Жанна Боранбайқызы осында 2016 жылдан істейді. Ол жұмыс орнының өздері үшін де, келушілер үшін де жайлы болғанын қалайды. – Бір кабинетте бірнеше адам отырамыз. Санитарлық нормалар бойынша пеш болмауы керек. Дәліз тар, адам айналып жүре алмайды. Бала да, үлкен де бірге осында отырады. Мәселен, тұмау маусымында күніне 40 шақты, айына 600-700 адам келеді. Ауыл кішкентай болғанымен, келушілер көп. Одан бөлек, үйге шақыртқандарға барамыз. Жаңа орында барлық қажеттіліктер ескеріліп, жайлы болса екен деймін, – дейді Жанна Бекмағамбетова. – ФАП осындай жағдайда жұмыс істеп келе жатқанына 40 жыл-

Новоузенка, ФАП орналасқан жалдамалы үй

РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

деп сұрап келе жатқанымызға көп жыл болды. Енді, міне, салынатын болды. Бұл жаңалыққа ауыл ақсақалы Мереке Сыздықов та қуанғанын жеткізді. – Мен осында 1974 жылдан бері тұрамын. Ауылда шешілмей келе жатқан екі мәселе – ауылшілік жол мен емдеу орны болатын. Жалға алған үй болғандықтан, иесі «сатып жіберемін» деп жыл сайын қорқытады. Ауыл бойынша бос тұрғаны осы ғана. Сондықтан, осы мәселеге қатты алаңдап отыр едік. Шешімін табатынына қуаныштымыз, – дейді ақсақал. Жаңа емдеу мекемесінің орны анықталыпты. Ол 300 шаршы метр болмақ. Құжаттары дайын, конкурстық шаралар да өтіп, жеңімпазы белгілі екен. – Құрылыс барысы құрылыс басқармасының қарауында. Біз құжаттардың барлығын реттеп бердік. Жыл соңына дейін аяқталады деп сенеміз. Жаңа ФАП құрылысы Новоузенкадан басқа үш елді мекенде қатар басталады. Қалғандары келесі жылға қалады, – дейді Бұқар жырау ауданының орталық аудандық ауруханасының директоры Арман Байсұлтан.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: •EUR/KZT 489.24 •USD/KZT 449.13 •RUB/KZT 5.61 •CNY/KZT 64.47

Қазақстан Ұлттық Банкінің 17 мамыр, 2023 жылғы дерегі бойынша

• САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Ветеринария талаптары бұзылмасын десек...

Ветеринария саласының негізгі мақсаты – халықтың денсаулығы, жануарлар мен адамдарға ортақ аса жұқпалы аурулардан қорғау және ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы мақсатта 2023 жылға профилактикалық, диагностикалық іс-шаралар жоспары бекітіліп, мемлекет есебінен Қарағанды қаласы бойынша аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы іс-шаралар жүргізілуде.



Оның ішінде: екі ауруға, атап айтқанда бруцеллез, қошқарлардың жұқпалы эпидидимитіне серологи-ялық тексеру, 6 ауруға, яғни сібір жа-расы, қарасан, құтыру, аусыл, түйе обасы, нодулярлы дерматитке қарсы вакцина егу, сондай-ақ, туберкулез, маңқаға тексеру, эхинококкозге де-гильмитизациялау жүреді.

Жеке және заңды тұлғалар ҚР 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветери-нария туралы» Заңының 25-бабы, 7 тармағына сәйкес, ветеринария-лық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жануарлары-на уақытылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтама-сыз егуге міндетті. Егер жануарлар

мен үй құстарының иесі, ветерина-риялық мамандар ветеринариялық іс-шараларды атқармаса немесе талапқа сай жүргізбесе, атап айт-қанда жануарлардың вакцинасын дұрыс екпеу, қан сына-масын алу, қан алу тізімін дұрыс жасамау және тағы сол сияқты

қателік жасаса, онда Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Ко-декстің 406 бабы, 3 тармағына сай әкімшілік шара қолданылып, жеке тұлғаларға – жиырма бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне неме-се коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз жиырма бес, орта кәсіп-керлік субъектілеріне – екі жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 327-ші бабы бойынша, ветеринариялық қағидаларды эпизоотиялардың таралуына немесе өзге де ауыр зар-даптарға әкеп соққан әрекет үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұ-мысына, сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шек-теуге не сол мерзімге бас бостан-дығынан айыруға әкеп соғады.

Егер ветеринариялық маман-дардың ветеринариялық про-филактикалық іс-шараларды орындамай немесе ветерина-риялық талаптарды бұзып, заң-бұзушылықпен орындалып жатқа-ның көрсенділер, Қарағанды қалалық аумақтық инспекциясына (мекенжайымыз: Прогресса көше-сі, 23 үй) жазбаша немесе телефон арқылы 8 (712) 44-34-04 хабар беруге болады.

Жасқанат СЕЙДАХМЕТОВ,
Қарағанды қалалық аумақтық инспекциясының инспекторы

Еске алу

Қарқаралы қаласында осы жылдар ішінде тай құлындай бірге өсіп, мектеп қабырғасын бірге аяқтаған, қазіргі таңда тал бесіктен жер бесікке аттанып, ортамызда жоқ сыныптас достарымызды сағы-нышпен еске аламыз. Балалықтың бал дәмін татып, ұл болып ер жетіп, қыз болып бой жетіп қызықты күндерді өткізген сыныпта-стар мектеп бітіргенімізге 30 жыл болғанын атап өту қарсаңында ортамыздан ерте кеткен аяулы достарымыз **Айдын СҮЙІНДКОВ, Бағдат ТҮРСЫНОВ, Айгүл МҮРСАФИНА, Азамат ОСАЖ-АНОВ, Қайрат АҚКОЖИН, Марғұлан МҰХТАРОВ,** ұстаздарымыз **Биғаш ҚАЛТАЙҚЫЗЫ, Римма ЫҚСАНҚЫЗЫН** сағына еске аламыз.



Әлі есімде өткен күндер кешегі, Көз алдымда сыныптастар бейнесі. Шіркін, сол бір балауса кез біздегі, Думандарға бөлейтінді көшені. 30 жылда болыпты ғой дәл соған, Армандарға ұмтылыпшыз аңсаған. Сендерменен бірге жүрген күндерді, Сағынышпен аңсауменен еске аламыз.

Еске алушылар: **Қарқаралы қаласы 1993 жылғы 11 сынып, №1 мектеп түлектері мен сынып жетекшісі Әкіма Дүйсеновна**

T/6

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Тәшенов мектебіндегі шара

Жақында Қарағанды қаласы Жұмабек Тәшенов атындағы мектепте «Оқу мен тәрбие егіз» тақырыбында ашық есік күні өтті. Алдымен әр сынып жетекшілері ата-ана жиналысын ұйымдастырып, ата-аналарға оқушыларының оқу үлгерімі, тәртібі жайлы мағлұмат берді.

Шара барысында «XXI ғасыр ата-ана моделі», «Баланы жәбірлеудің профилактикасы», «Кибербуллинг: баланы интернеттегі шабуылдардан қалай қорғауға болады?», «Заңсыз ақша қаражаттарын жинаудың алдын алу» мәселелері талқыланды. Қазіргі ата-ана психолог, дипломат, дәрігер, заңгер, экономист, мұғалім бола білуі керек. Шараға қатысушылар ата-ананың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы, сабақтан келген баланың күнделігін тексеріп, көмек көрсету, мектепшілік ата-ана жиналысына қатысу жайында ой алмасты. Ата-ана мен бала құқығы, мектеп ережесі түсіндіріліп, ата-ана баланың икемін, бейімділігін, қарым-қатынас ортасын білуі тиіс екені айтылды. ҚР «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң нормалары түсіндірілді. Екі күнге созылған, жаңа форматтағы жиналыста мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері ата-аналарға оқушылар туралы толық ақпарат берді.

М.АБЗАЛБЕКОВА,
Жұмабек Тәшенов атындағы мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

Д

Азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасының «Халықтар достығы орденді К.Станиславский атындағы Қараған-ды мемлекеттік орыс драма театры» КМҚК (100008, Қарағанды қ., Н.Назарбаев даңғ., 19/1 құрылыс, анықтама үшін телефон: 8 (712) 30-11-10, факс: 8 (712) 56-56-74, электрондық мекен-жай: stan-dram@mail.ru) азаматтық қызметшінің бос лауазымына (А 2-2-1 санаты) орналасуға конкурс жариялайды.

1. Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама баскармасының «Халықтар достығы орденді К.Станиславский атындағы Қараған-ды мемлекеттік орыс драма театры» коммуналдық қазыналық мемлекеттік кәсіпорнының бас режиссері (Қарағанды қ., Н.Назарбаев даңғ., 19/1 құрылыс, телефон: 8 (712) 30-11-10, факс: 8 (712) 56-56-74).

– Көркемдік-әртістік персоналы-на жаңа және бұрын жасалған қойылымдарды жаңғырту бойынша шығармашылық басшылықты жүзеге асыру.

Конкурс қатысушыларына қойылатын негізгі талаптар:

Өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім беру сала-сында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орындарын аяқтаған адамдар үшін және өнер және гуманитарлық ғылымдар (өнер) кадрларды дайындау бағыты бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конс-

титудиясын; Қазақстан Республикасы-ның Еңбек кодексін; «Мәдениет тура-лы», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Респу-бликасының Заңдарын білуге тиіс.

Санаты	Лауазымдық айлық ақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты (тенге)	
	2 жылдан бастап	25 жылдан астам
А 2-2-1 (1 бірлік)	190530	225480

Функционалдық міндеттері: театр ұжымдарының көркемдік-әртістік персоналына жаңа және бұрын жасалған қойылымдарды (спектакльдерді) жаңғырту бойынша шығармашылық басшылықты жүзеге асырады; ағымдағы репертуар қойылымдары көрсетілімдерінің күнтізбелік жоспарын қарастырады және директордың бекітуіне ұсынады; перспективалық репертуарлар жоспарларын, қойылым қоюдың жоспар-кестелерін әзірлейді және оларды директорға бекітуге уақытылы ұсынады; қойылым топтары мен орындаушылар құрамын қалыптастырады; жұмыс барысында авторлармен және шығармашылық одақтармен тұрақты байланысты жүзеге асырады, төраға немесе төрағаның орынбасары ретінде органның көркемдік кеңесінің жұмысына қатысады; шығармашылық құрамның ішінде тәрбиелік жұмыстарды жүргізеді; шығармашылық қызметкерлердің кәсіби шеберліктерін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және тікелей қатыса-ды; көркемдік-әртістік персоналдың шығармашылық және еңбек тәртібін сақтауларын қамтамасыз етеді, қызметкерлерді ынталандыру туралы және тәртіптік жазаға тарту туралы ұсыныстар енгізеді.

№143

Қарағанды облысы: ауа райы

	19 мамыр	20 мамыр	21 мамыр
Қарағанды қаласы	+15 +6	+19 +6	+22 +7
Абай ауданы	+16 +6	+20 +7	+22 +7
Ақтоғай ауданы	+19 +6	+19 +7	+21 +7
Бұқар жырау ауданы	+14 +4	+17 +5	+20 +6
Қарқаралы ауданы	+12 +4	+17 +4	+19 +5
Нұра ауданы	+16 +7	+20 +7	+22 +7
Осакаров ауданы	+16 +6	+19 +6	+21 +6
Шет ауданы	+17 +6	+17 +7	+21 +6

Ақпарат <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

Хабарландыру

«Turan Resources Ltd.» ЖК Қараған-ды облысында орналасқан Ақтас I және Ақтас II кен орындарының тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша рұқсат беру құжаттамасына жобалық матери-алдар бойынша ашық жиналыс ныса-нында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 23.06.2023 жылы сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Балқаш к. а., Саяқ кенті, Горняк бульвары көшесі 48 (Гор-няк МС) мекенжайы бойынша өтеді.

Жобаның тапсырыс берушісі – «Turan Resources Ltd.» ЖК, БСН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кенсе, e-mail: turanresourcecltd@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші – «Minerals Operating» ЖШС, БСН 181140023496, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 20/2, тел. 8 777 491 40 02.

Әсер ету аумағы – Қарағанды облысы, Саяқ кенті. Жоба материалдарымен бірыңғай экологиялық пор-талдың (БЭП) сайтында және «Қара-ғанды облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу

баскармасы» ММ сайтында «Қоғам-дық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Қосымша ақпаратты Аста-на қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 55/21, 164 кенсе, e-mail: turanresourcecltd@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80 мекенжайы бойынша алуға.

Ескертулер мен ұсыныстар қо-ғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешікті-рілмей электрондық мекенжай бой-ынша қабылданады – expertiza.upr.krg@mail.ru, тапсырыс беруші – turanresourcecltd@mail.ru.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және тех-ногендік сипаттағы төтенше жағдай-лар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/89142315746?pwd=NkJMcUJ4SUFXckorcllDbE42WkpmZz09>

Конференция идентификация ко-ды: 891 4231 5746

Кіру коды: 211337

Объявление

ЧК «Turan Resources Ltd.» прово-дит общественные слушания в форме открытых собраний по проектным материалам к разрешительной до-кументации по Плану горных работ месторождений Актас I и Актас II, расположенных в Карагандинской об-ласти. Слушания состоятся 23.06.2023 года в 15:00 по адресу Карагандинская область, Балқаш г.а., п. Саяқ, улица Бульвар Горняков 48 (ДК Горняков).

Заказчик проекта – ЧК «Turan Resources Ltd.», БИН 221040900513, тел. 8 7172 24 72 80. Адрес: РК, г. Аста-на, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresourcecltd@mail.ru. Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», БИН 181140023496, г. Астана, проспект Мангилик Ел, 20/2, т. 8 777 491 40 02.

Территория воздействия – Кара-гандинская область, п. Саяк. С мате-риалами проекта можно ознакомиться на сайте единого экологического пор-тала (ЕЭП) и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской

области» в разделе «Общественные слушания». Дополнительную инфор-мацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел 55/21, офис 164 e-mail: turanresourcecltd@mail.ru, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения прини-маются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - expertiza.upr.krg@mail.ru, заказчика – turanresourcecltd@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение:

<https://us06web.zoom.us/j/89142315746?pwd=NkJMcUJ4SUFXckorcllDbE42WkpmZz09>

Идентификатор конференции: 891 4231 5746

Код доступа: 211337

с/ф146

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы мемлекеттік кірістер органдарының әйіншектің **Серекбек Жанұзақұлы ЗБИШЕВТИН** қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарына қайғыларына ор-тақтасып, көңіл айтады.

№296